

Қазақстанның Батыс аймағында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 30 қараша N 1548. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1285 қаулысымен.

"Ел Президентінің 2000 жылғы 24 қазандағы Қазақстан халқына "Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға" Жолдауында қойылған міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 желтоқсандағы N 1826 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстанның Батыс аймағында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарының әкімдері Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен бірлесіп, Бағдарламада көзделген іс-шаралардың уақтылы іске асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының министрліктері мен өзге де орталық және жергілікті органдарының Бағдарламаны орындау жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 30 қарашадағы
N 1548 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстанның Батыс аймағында құрылыс материалдары,
бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың**

2002-2005 жылдарға арналған БАҒДАРЛАМАСЫ

Астана, 2001 жыл

Бағдарламаның паспорты

Атауы

Қазақстанның Батыс аймағында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы

Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме

"Ел Президентінің 2000 жылғы 24 қазандағы Қазақстан халқына "Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға" Жолдауында қойылған міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 желтоқсандағы N 1826

қаулысы

Негізгі әзірлеуші

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарының әкімдері

Мақсаты

Аймақтың негізгі қажеттілігін қамтамасыз ету мен импортқа тәуелділігін төмендету үшін бәсекеге қабілетті құрылыс материалдары өнеркәсібінің базасын құру

Міндеттері

Энергия мен ресурс үнемдейтін тың тиімді технологияларды игеру әрі ендіру негізінде жұмыс істеп тұрған және тоқтап қалған өндірісті қайта жаңғырту, қайта бейімдеу, қайта қалпына келтіру және жаңаларын салу жолымен аймақта құрылыс материалдары өнеркәсібінің өндірістік әлеуетін дамыту

Басымдықтары

Импорттың орнын басу, жаңа технологияларды енгізу және жұмыс орындарын құру

Қаржыландыру көздері

Екінші деңгейдегі банкілердің қаражаты, кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен қаржыландыру

Күтілетін нәтиже

Батыс аймақ құрылыс өнімдерінің негізгі талап етілетін түрлерін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құрылыс материалдары өнеркәсібінің

базалық кәсіпорындарын алады, елімізге шеттен келтірілетін қымбат құрылыс материалдары мен бұйымдарының әкелінуі шектеледі, құрылыс саласының экспорттық әлеуеті арттырылады, жаңа жұмыс орындары құрылады, аймақта экономиканың одан әрі қарқынды дамуы үшін алғышарттар жасалады.

Іске асыру мерзімі 2002-2005 жылдар

1. Кіріспе

Қазақстанның Батыс аймағында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасы "Ел Президентінің 2000 жылғы 24 қазандағы Қазақстан халқына " Еркін, тиімді және қауіпсіз қоғамға" Жолдауында қойылған міндеттерді іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 желтоқсандағы N 1826 қаулысына сәйкес әзірленген. Бағдарламаны әзірлеуге республика құрылыс материалдары өнеркәсібі орындарының жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай жасау бөлігінде импорттың орнын басу саясатын нақты іске асыру себеп болды.

Қазақстанның Батыс аймағында күрделі құрылыс қарышты қарқынмен жүргізілуде, Батыс облыстардың шаруашылық жүргізуші субъектілері игерген құрылыс инвестициясының көлемі 2000 жылы 131,1 млрд. теңге болды, оның ішінде құрылыс-монтаж жұмыстарының үлесі жалпы көлемнің 38%-ын құрайды, ол 49,8 млрд. теңге.

Саланың қолда бар өндірістік әлеуетінің бүгінде жартысынан азы пайдаланылуда. Көпшілік жағдайда бұл өндірістің төмен техникалық деңгейімен және шығарылған өнімнің сапасымен айқындалады. Екінші жағынан, бірқатар құрылыс материалдары бойынша тиісті стандарттық сапаға сәйкес келетін өз өндірісіміз бола тұра шетелдік инвесторлар мен отандық тапсырысшылар, жобалау және құрылыс-монтаж ұйымдары импорттық өндірістің ұқсас құрылыс материалдары мен бұйымдарын қолданып жүр, бұл да отандық өндірістің дамуына кедергі келтіреді.

Осының нәтижесінде, тек 2000 жылдың өзінде Батыс Қазақстанға 90 млн. АҚШ долларынан астам сомаға құрылыс материалдары әкелінді, бұл шамамен 13 млрд. теңгеге тең.

Техникамен қайта жарақтандыру және салу негізінен шағын кәсіпкерлік саласында әрі кішкене өндірістер шегінде кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылды. Соңғы жылдары Қазақстанның Батыс облыстарында

қыш тақталарын, пластикалық құбырларды, металл-жабынқыштарды, ағаштан және пластикадан жасалған ұсталық бұйымдарды, құрғақ қоспаларды және басқа да өнімдерді шығару жөніндегі өндірістер пайда болды. Бірақ, аймақтың құрылыс базасында құрылған жаңа өндірістің үлесі азғантай, аймақтың құрылыс материалдарына негізгі қажеттілігін қамтамасыз ету саласына өзгерістер енгізу және импортты шектеу үшін олар өндірген өнімнің номенклатурасы мен көлемі ж е т к і л і к с і з .

Құрылыстың әлдеқайда ірі жобаларын іске асыру мен кәсіпорындарды қайта жаңғырту өз қаражатының жетімсіздігінен тежеліп тұр.

Құрылыс материалдары өнеркәсібінің даму болашағын бағалай отырып, өндіргіш күштерді орналастырудың аумақтық ерекшеліктері туралы айтпауға болмайды. Негізгі күрежелдердің орналасуы мен ұзындығы, тасымалдаудың жоғары көліктік тарифтері әрі энергиялық ресурстар Шығыс және Орталық аймақтардан әкелінетін құрылыс материалдарының бағасын арттырады, сөйтіп олардың бәсекеге қабілетін төмендетеді. Осы проблема өндіргіш күштерді ұтымды орналастыруды қоса алғанда, теңгерімді және ұтымды мемлекеттік саясатты жүргізуді талап етеді.

Батыс Қазақстанның ұзақ мерзімді дамыту болашағы, осы аймаққа күрделі құрылысқа инвестицияның тұрақты түсуі мен өсуі және республиканың Батысында құрылыс өнімдерінің ірі рыногын құру аймақта құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың б а с ы м д ы ғ ы н а й қ ы н д а й д ы .

Аймақ үшін таяу жылдардағы негізгі міндеттер негізінен ішкі рынокты қамтамасыз етуге қабілетті, импортты қысқартуға, экспорттық мүмкіндіктер жасауға және жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал ететін жаңа технологиялар мен озық техниканы игеру есебінен сапалы құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өндірісін ұйымдастыру үшін тікелей отандық, шетелдік инвестициялар мен займдарды тарту болып табылады.

Мұндай жағдайда осы Бағдарламаға сәйкес аймақта отандық құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өндірісін дамыту үшін шаралар қабылдау қажеттілігі пісіп жетілді.

2. Қазақстанның Батыс аймағындағы құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібінің қазіргі жай-күйін талдау

1. Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырмаларын өндіру

Кезінде аймақта одақтық кооперация ескеріле отырып ведомстволық мүдделер негізге алынып орналастырылған құрылыс материалдарын, бұйымдары

мен құрастырмаларын шығару жөніндегі өндіргіш күштердің желісі болды.

1992 жылы Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында құрылыс материалдары және құрылыс индустриясы өнеркәсібінің негізін 319 өндірістік кәсіпорын құрады. Олар негізінен құрылыс кірпіштерін, темірбетон бұйымдары мен құрастырмаларды шығарды, сондай-ақ табиғи құмды, қиыршықтасты, ғанышты, әкті, борды және табиғи қаптағыш тасты және т.б. өндіру мен қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар болды.

Бірақ, аймақтың құрылыс материалдарын шығару жөніндегі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының негізгі қоры жаңарып отырмады және моральдық әрі табиғи тозуға ұшырады. Жекешелендіру процесінің, меншік иелерінің рыноктық жағдайда қаражатының және басқару дағдысының болмауы немесе жетіспеуі салдарынан, сондай-ақ құрылыс кешенінің өндірістік базасын дамытуға арналған инвестицияның күрт қысқаруынан жұмыс істеп тұрған өндірістің құрылымы мен техникамен қайта жаңарту баяулап қалды. Техникалық қайта жарактандырудың артта қалуы құрылыс материалдарының жеткіліксіз сапасына, импорттық материалдармен төмен бәсекелестік қабілетіне себепші болды, осының нәтижесінде көптеген кәсіпорынға тоқтап қалу, банкротқа ұшырау және тарау т ә н б о л д ы .

Өз өндірісінің болмауынан немесе тоқтап тұруынан қазіргі уақытта осы аймақ толық көлемде құрылыстық шыны, цемент, қаптағыш кірпіш, еден жабыны (линолеум, ламинат, паркет), бояулар, жылуұстағыш материалдар, металл және алюминий профилдерінен жасалған құрастырмалар, пластмассадан жасалған бұйымдар және т.б. сияқты өнімдерді импорттан алады.

Құрылыс материалдары импортының өсуі отандық құрылыс өнімдері өндірісінің құлдырауына және кәсіпорындардың өндірістік қуатын пайдалануды 10-25%-ға дейін төмендетуге алып келді, бұл Қазақстанның Батыс аймағында құрылыс өнімдерінің өндірісі көлемінің төмендеуіне ықпал етті. 1991 жылғы өндірістің көлемімен салыстырғанда 2000 жылы аймақта бұрын жұмыс істеген өндірістің өнімдер шығару көлемі шектік шама бойынша және пайызда мынадай болды:

табиғи құм	- 220,5 мың текше метр немесе 17,6%;
рудалық емес материалдар	- 1 951 мың текше метр немесе 44%;
силикат кірпіш	- 16 млн. шартты дана немесе 13%;
темірбетоннан жасалған	
жиналмалы құрастырмалар	- 38,3 мың текше метр немесе 7,3%;
құрылыстық кірпіш	- 5 млн. шартты дана немесе 2,1%;
әк	- 83 мың тонна немесе 87,3%;
бояулар	- 10 тонна немесе 0,3%.

Осыған қарамастан құрылыс кешенінің материалдық базасының негізгі

бағыты бойынша 1998 жылы құрылыстың құлдырауы тоқтады, ал кейбіреулерінде өсу байқалды, бұл саланың біраз кәсіпорны рынок жағдайларына бейімделе бастағанын көрсетеді. Айталық, 2001 жылдың 1-тоқсанында 2000 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда құрылыс өнімдері өндірісінің көлемі: рудалық емес материалдар - 252%, табиғи құм - 535%, қыш тақталар - 167%, құрылыстық кірпіш - 104%, темірбетоннан жасалған жиналмалы құрастырмалар - 594%, силикат кірпіш 220% және сол сияқты болды. Көрсетілген жай бұдан әрі аймақтың құрылыс материалдарына, бұйымдары мен құрастырмаларына қажеттіліктің өскендігін сипаттайды.

2. Қазақстанның Батыс аймағында құрылыс материалдарының, бұйымдарының және құрастырмаларының 2000 жылғы импорты мен қажеттілігі

Қазіргі уақытта отандық рынок шетелдік өнімдермен толып тұр, яғни республиканың аймақтары экспортшы елдер үшін құрылыс өнімдерін сату рыногы болып отыр. Бұл процесс, әсіресе қаралып отырған аймаққа тән. 2000 жылы Батыс облыстар бойынша құрылыс материалдары импортының құндық көлемі 90,2 млн. АҚШ долларын құрады, бұл республика бойынша импорттың жалпы көлемінің 49,8%-ына сәйкес.

2000 жылы құрылыс материалдары импортының ең басым көлемі Батыс Қазақстан (41 млн. АҚШ доллары), Атырау (31 млн. АҚШ доллары) облыстарына келеді, одан кейін Маңғыстау (11 млн. АҚШ доллары) мен Ақтөбе (7,2 млн. АҚШ доллары). Аймақтағы құрылыс материалдарының импорты жөніндегі деректер 1-кестеде берілген.

1-кесте

Р	е	т	!	!	И	м	п	о	р	т	!
N !											
! Атауы !											
! Олшем бірлігі !											
! саны !											
! мен !											

1. Табиғи және басқа да құмдар	мың текше м.	0,909	290,4	242
2. Рудалық емес материалдар	мың текше м.	8,820	138,8	2107
(қ и ы р ш ы қ т а с)				
3. Цемент	мың тонна	152,7	4586	165
4. Ғаныш, әк	мың тонна	118,6	1516,5	124,5
5. Бор және доломит	мың тонна	0,548	11,2	2,0
6. Бояулар мен лактар	мың тонна	2,532	3176	2,8
7. Жақпалар, тығыздағыштар,	мың тонна	5,36	1449	5,7

б і т е г і ш т е р

8. Полимерден жасалған	мың тонна	2,36	11977,3	2,6
	құбырлар және фитингтер			
9. Пластмассадан жасалған	тонна	202	1070	222
	терезелер, есіктер және жақтаулар			
10. Ағаш талшықты тақта (АТТ)	мың шаршы метр	294,1	243,3	324
11. Линолеум	мың шаршы метр	382,2	1106	420
12. Қожмақта, минералды мақта	мың текше м.	18,5	2210	21
13. Жаяусоқпақ төсемі	мың шаршы метр	15,3	122	17
14. Жабынқыш, қыш тақталар	мың тонна	49,8	2786	55
15. Бетоннан жасалған	мың тонна	34,2	4745	38
	арматураланбаған бұйымдар			
16. Шифер, асбестцемент құбыр	мың тонна	6,255	346,7	7,0
17. Құрылыстық кірпіш	млн. дана	6,831	1659	7,5
18. Силикат және қож кірпіш	млн. дана	-	-	17
19. Қаптағыш қыш тақта	мың шаршы метр	240,1	1729	357
20. Оқшауланған табақтан	тонна	901	2858,7	946
	жасалған панельдер			
21. Қара металдан жасалған	мың тонна	17,164	34288	18
	металл құрастырма			
22. Алюминийден жасалған	тонна	56	651,5	59
	құрастырма			
23. Отқа төзімді кірпіш	мың тонна	5,668	1119,2	6,2
24. Ағаш жаңқалы тақта (АЖТ)	мың шаршы метр	250,3	224,4	263
25. Жиналмалы темірбетон	мың текше м.	-	-	43
	құрастырмалар			
26. Гранит, мәрмәр және басқа	мың шаршы	-	-	15
	дастар			метр
27. Басқа материалдар, бұйымдар				119000
Жиыны :				90200

Құрылыс материалдары мен бұйымдары импортының құрылымын талдау импортталатын материалдардың ішінен құндық тұрғыдағы үлес салмағы бойынша қара металдан жасалған металл құрастырманың (34,3 млн. АҚШ доллары), полимерден жасалған құбырлар мен фитингтердің (11,9 млн. АҚШ доллары), цементтің (4,6 млн. АҚШ доллары), бояулардың (3,2 млн. АҚШ доллары), минералды мақтаның (2,2 млн. АҚШ доллары), жабынқыш пен қыш кірпіштердің (4,4 млн. АҚШ доллары), бетоннан жасалған арматураланбаған

бұйымдардың (4,7 млн. АҚШ доллары) және басқалардың алда екендігін көрсетеді.

3. Өндірісті дамыту проблемалары

Құрылыс материалдары өнеркәсібі кәсіпорындарының жағдайын талдау өндірісті дамыту және өнімдердің бәсекеге қабілетін арттыру проблемалары ел экономикасын дамытудың жалпы проблемаларымен тығыз байланысты және саланың өзіндік ерекшеліктері бар екенін көрсетеді.

Басты проблемаларға мыналарды жатқызуға болады:
аймақтың құрылыс материалдарының негізгі түрлері бойынша айтарлықтай импортқа тәуелді болуы;

өндірісті жарақтандырудың төменгі техникалық деңгейі, технологиялық жабдықтар мен кәсіпорындардың негізгі құралдарының едәуір моральдық және табиғи тозуы;

кәсіпорындарда айналым қаражатының және өндірісті жаңғырту және техникамен қайта жарақтандыруға арналған қордың болмауы;

құрылыс материалдары өндірісін қаржыландыруда тәуекелдің жоғарғы дәрежеде болуынан қаржылық ресурстарға қол жетімділіктің шектеулілігі;

құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібінің өндіргіш күштерін орналастыруда аймақтық сәйкессіздік;

энергия ресурстарына және шикізаттарды тасымалдауға қойылған жоғары тарифтер;

құрылыс өнімдеріне төмен төлем қабілетті сұраныс;
импорттың орнын басатын және экспортқа бейімделген өндірісті дамыту үшін инвестицияның жеткіліксіз ынталандырылуы;

мемлекетішілік өндірістік кооперацияның дамымауы;
өндірілген өнімнің сапасын басқару стандарттарынан және халықаралық әдістерінен артта қалушылық.

Сонымен бірге, құрылыс материалдарының өндірісін дамытуға капиталдарды тарту жоғары қаржылық мүмкіндіктердің есебінен мердігерлік жұмыстарға тендерлерді жиі жеңіп алған және өз елінен әкелінетін құрылыс материалдарының импортына мүдделі шетелдік құрылыс фирмаларының өктемдік жүргізуіне кедергі келтіреді.

3. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Республиканың Батыс аймағындағы құрылыс материалдарының негізгі түрлері бойынша қажеттілікті қамтамасыз етуге және импортты шектеуге мүмкіндік беретін құрылыс материалдары өндірісінің базалық өндірісін құру мен қайта оңалту, халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру, экспорттық мүмкіндікті көтеру және тұтастай алғанда сала мен экономиканы бұдан да қарқынды дамыту үшін алғышарттар дайындау Бағдарламаның мақсаты болып табылады.

Батыс Қазақстанның бай табиғи ресурстарын белсенді игеру, сондай-ақ күрделі құрылыстағы инвестициялардың өсуі аймақтың экономикалық және өнеркәсіптік дамуына едәуір ықпал етеді.

Осыған байланысты өнеркәсіптік саясаттағы ұзақ мерзімді стратегиялық міндетке импорттың орнын басудың белсенді саясатын жүргізу, еңбекті көп қажетсінетін және күрделі жұмсалымды қажет ететін өндірістен ғылымды қажетсінетін өндіріске көшу жолымен құрылыс материалдары өнеркәсібінің өнімдерін әкелуден республиканың тәуелділігін жоспарлы түрде төмендету ж а т а д ы .

Бағдарламамен жергілікті ресурстық әлеуетті пайдалану негізінде құрылыс материалдарының бірқатар бөлігінің жеке өндірісін, оның ішінде стратегиялық маңызы барларын ұйымдастыру көзделген.

Қойылған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет: құрылыс материалдары өнеркәсібінің кәсіпорындарын дамыту үшін нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық база жасау; жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға қайта жаңғыртуды және техникамен қайта жарақтандыруды жүргізу және энергия мен ресурстар үнемдеуші озық технологияларды енгізу негізінде жаңа өндірістер құру; инвестицияларды тарту жолымен жобаларды қаржыландыру; тікелей инвестициялар, займдар, несиелер тартудың мүмкіндіктерін белсенді п а й д а л а н у ;

отандық және шетелдік инвесторларды тарта отырып өндіріске несие берудің а р а л а с н ы с а н д а р ы н д а м ы т у ;

несиелерді, займдарды тарту жөнінде мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету, стратегиялық маңызды, бірақ тікелей инвесторлар үшін күрделі жұмсалымды қажет ететін және тартымдылығы аз жобаларды мемлекеттік инвестициялар б а ғ д а р л а м а с ы н а е н г і з у ;

икемді кеден саясатын пайдалану, лизингтік әдістерді кеңінен енгізу жолымен құрылыс материалдары мен бұйымдары өндірісіне арналған жаңа технологиялар, машиналар және тетіктер, технологиялық жабдықтар енгізуді ы н т а л а н д ы р у ;

шағын кәсіпкерлікті белсенді дамыту және салаға жабдықтау лизингін енгізу.

4. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары және басым инвестициялық жобаларды іріктеу

Құрылыс саласының материалдық базасын жасау, импортқа тәуелділікті төмендету және өз өндірісінің материалдарымен аймақтың мұқтажын толық қамтамасыз ету мақсатында бағдарламаны мынадай негізгі бағыттар бойынша

іске

асыру

жоспарланды.

Нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық қамтамасыз ету.

Халықаралық талаптарға сәйкес келетін ұлттық стандарттарды әзірлеу негізінде көрнеу сапасыз импорт тауарлар мен бұйымдарды шектеу үшін құрылыс өнімдерін сертификаттаудың мүмкіндігін кеңінен пайдалану қажет. Осы мақсатта міндетті сертификаттауға жататын импортталатын құрылыс материалдары мен бұйымдардың тізбесін кеңейту қажет. Бұл шаралар импортқа барар жолдағы бейтарифтік кедергілердің бірі болып табылады.

Көрсетілген шараларды жүзеге асыру үшін және жоғары сапалы әрі бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіру мақсатында нормативтік-техникалық құжаттарды және мемлекетаралық (ТМД аумағында қолданылып жүрген) әрі Халықаралық техникалық стандарттарға сәйкес келетін құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрастырмаларын шығаруға арналған стандарттарды жетілдіру қажет.

Кәсіпкерлерге құрылыс материалдарының өндірісін қалпына келтіру мен жаңасын ұйымдастыруда мемлекеттік қолдау және техникалық көмек көрсету.

Құрылыс материалдарының озық өндірісін жасау мен қалпына келтіру өз кезегінде күрделі технологиялық процестер мен циклдарды қамтамасыз ететін, қазіргі технологиялық жабдықтар кешендерімен жарақтандыруды, шикізатты қайта өңдеу мен жеткізуді және басқа да көптеген факторды қажет ететін көбінесе ірі күрделі жұмсалымдарға байланысты. Мемлекет тарапынан қолдау мен көмек көрсетілмеген жағдайда кәсіпорындардың жаңа қуаттарды іске қосу үшін өз күші мен қаражаты жеткіліксіз. Осыған байланысты мынадай шараларды көздеу қажет.

Техникалық көмек көрсету саласында:

аймақта құрылыс материалдарының рыногына маркетингтік зерттеуді жүзеге асыру;

өз өнімдерінің ықтимал тұтынушыларын және ішкі рынокта сұранымға ие бұйымдардың номенклатурасын анықтауда саланың кәсіпорындарына ақпараттық қызмет көрсету;

лизингтік негізде берілуі мүмкін технологиялық жабдықтардың тізбесін анықтау;

құрылыс материалдары өнеркәсібінің отандық өнімдерін жарнамалауға жәрдемдесу болжанып отыр.

Кәсіпорындар мен жобаларды инвестициялық қолдау шаралары ретінде:

тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы қолданыстағы заңнамада көзделген жеңілдіктер мен артықшылықтарды беру;

мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына стратегиялық маңызды жобаларды енгізу;

қаржы-өнеркәсіптік топтардың қаражатын тарту;

құрылыс өнімдерін өндірушілер мен тұтынушыларға, бірінші кезекте кепілді сатып алу мен есеп айырысу бойынша Батыс аймақ аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын аса ірі шетелдік және ұлттық компанияларға салааралық келісімдер жасасуға жәрдемдесу болжанып отыр.

Мемлекеттік қолдаудың пәрменді құралдарының бірі:

"Қазақстан Даму банкі" жабық акционерлік қоғамының несиелік саясаты туралы 2001-2003 жылдар кезеңіне арналған меморандумы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 қыркүйектегі N 1187 қаулысы ;

"Отандық тауар өндірушілерді қолдау шаралары шеңберінде несиелендірілген инвестициялық жобаларды іріктеу ережесі" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 қыркүйектегі N 1384 қаулысы болуға
т и і с .

Бұл кесімдермен құрылыс саласы мен құрылыс материалдарының өндірісі инвестициялық жобаларды несиелеу кезінде басым бағыттардың қатарына
қ о с ы л ы п о т ы р .

Мемлекеттің инвестициялар бағдарламасына енгізу есебінен қаржыландырылатын аймақ үшін басым және стратегиялық маңызды
и н в е с т и ц и я л ы қ ж о б а л а р .

Құрылыстық шыны өндірісі. Табиғи шикізаттық ресурстардың көп болуына қарамастан кәдімгі құрылыстық шыны әлі күнге дейін импортталып отыр. Өз шыны өнеркәсібін құру және шыны мен басқа да өнімдерді өндіру кезінде шикізаттың негізгі құрамдас бөлігі ретінде кальцийленген сода шығару проблемасын шешу қажет. Республикада бұл өндірістің жоқ екендігі ескеріліп, оны қаржыландыру мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізу есебінен
ж ү з е г е а с ы р ы л м а қ .

Цемент өндірісі. Республиканың өз өндірісі болуына қарамастан Қазақстанның Батыс аймағында 2000 жылы цементтің импорты 153 мың тонна болды. Цемент импорты қазақстандық цемент өндірушілердің алыс орналасуымен және тасымалдау кезінде тиісінше құнының едәуір артуымен түсіндіріледі. Шығыс және Оңтүстік аймақтардан Батыс облыстарға цементті жеткізу кезінде көліктік шығыстар цементті сату құнының 65-70%-ын құрайды. Аймаққа отандық цементті жеткізгенде жоғары көліктік шығыстарды және келешекте оны тұтынудың одан әрі өсуін ескере отырып цемент, оның ішінде бірегей шикізат кен орнының негізінде ақ цемент өндіру жөніндегі зауытты салу орынды. Оларды өндіру құнын өндірудің құрғақ тәсілін енгізу арқылы
т ө м е н д е т у г е б о л а д ы .

Тікелей инвестициялар есебінен қаржыландырылатын басым инвестициялық
ж о б а л а р .

Қабырғалық материалдар өндірісі. Озық технологиялар базасының негізінде

қаптағыш қыш кірпіш және қабырғалық блоктар өндіру жөніндегі зауыттар салу қажет. Тұрғын үй және қоғамдық мақсаттағы объектілер құрылысының өсуі әрі қала құрылысының қазіргі талаптары ескеріліп сапалы қаптағыш кірпішке қажеттілік артады. Бүгінде Батыс аймақта материалдың осы түрінің өндірісі жоқ.

Бор өндірісін ұйымдастыру. Маңғыстау облысында бордың бірегей кен орны бар. Ол өзінің сапасы мен қасиеті бойынша Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ жақын шетелдерде бар барлық ұқсас кен орындарынан асып түседі. Бор жоғары сапалы ақ цемент пен құрғақ қосындылар өндірісі үшін негізгі құрамы болып табылады, сондай-ақ өзге де өнім өндіруде қолданылады.

Бояулар мен лактар өндірісі. Лак-бояулық материалдар импортының мол көлемі, мұнай-химия өнеркәсібінің даму болашағы тиісті сапалық деңгейде және ассортиментте өнімнің көрсетілген түрлерінің отандық өндірісін дамыту жөніндегі міндетті қояды.

Полимер материалдар мен бұйымдар өндірісі. Құбырлар, линолеум мен ламинат шығаруды ұйымдастыруға, экологиялық таза еден жабындарының ассортиментін кеңейтуге қажеттілік бар.

Құрғақ қосындылар өндірісі. Әрлеу материалдарының жаңа түрлерінің өндірісін игеру аймақта жоғары сапалы шикізаттың болуымен байланысты. Өнімнің осы түрлерін өндіру жөніндегі кәсіпорындар республикада негізінен Алматы қаласында орналасқан.

Дәнекерлік электрод өндірісі. Құрылыстық металл құрастырмалар мен құбырларды жинау мен монтаждау үшін қазіргі уақытта шетелден импортталатын дәнекерлік электрод өндірісін игеру қажет.

Осы Бағдарлама отандық құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өндірісін дамыту, құрылыс өнімдерінің ішкі және сыртқы рыногында олардың бәсекеге қабілетін арттыру, елімізге қымбат бағалы импортталатын құрылыс материалдары мен бұйымдарын әкелуді азайту және құрылыс саласының экспорттық әлеуетін арттыру, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құру мен халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру үшін жағдай жасауға бағытталған.

5. Бағдарламаны қаржыландыру көздері

2002-2005 жылдары Бағдарламада көзделген инвестициялық жобаларды іске асыру үшін негізгі қаржыландыру көздері мен қолайлы жағдайлар мыналар:

барлық меншік нысанындағы мүдделі ұйымдардың өз қаражаттары;
екінші деңгейдегі банктердің несиелері;
тікелей шетелдік және отандық инвестициялар;
халықаралық қаржы ұйымдарының гранттары.

Құрылыс материалдары өнеркәсібіне капиталды тарту әртүрлі нысанда, оның ішінде лизинг, бірлескен кәсіпорындар құру және басқалар түрінде жүзеге асырылмақ.

2002-2005 жылдары Қазақстанның Батыс аймағында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытуға 26 млрд. теңге қажет. Оның ішінен мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізу шаралары шеңберінде тартылатын қаражат 15,836 млрд. теңгені, тікелей инвестицияларды тарту есебінен 10,123 млрд. теңгені құрайды.

6. Күтілетін нәтижелер

Қазақстанның Батыс аймағының экономикасын дамытудың және осы аймақта көмірсутекті шикізат өндіру үшін инфрақұрылым жасаудың болашағы таяу жылдары осы облыстарда құрылыс индустриясының дамуына оң болжам жасауға мүмкіндік береді. Осы болжам саланың қолда бар материалдық базасымен, өндірістің минералдық-шикізаттық ресурстарын және білікті еңбек әлеуетін ұйымдастыру мен қалпына келтіру үшін қажетті негізгі қорлардың болуымен беки түседі. Жаңа технологияларды және жоғары өнімді жабдықтарды енгізу материалды, энергияны және еңбекті көп қажетсінетін өнімдерді 25-30%-ға төмендетуге бағытталған. Құрылыс материалдарының түрлерін кеңейту де, олардың сапасын арттыру да көзделіп отыр.

Бағдарламаны іске асыру:

2006 жылы өнімнің негізгі түрлері бойынша аймақтың қажеттілігін құрылыс материалдары өнеркәсібінің өнімдерімен қамтамасыз етудің көлемін 70-80%-ға дейін жеткізуге;

құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының импортына аймақтың тәуелділігін төмендетуге;

құрылыс материалдарының, бұйымдары мен құрастырмаларының тиімді және экологиялық таза түрлерін кеңейтуге;

озық технологияны енгізу есебінен материалды, энергияны және еңбекті көп қажет ететін өндірісті азайтуға әрі өнімнің өзіндік құнын төмендетуге;

аймақта саланың өндірістік әлеуетті одан әрі үдету үшін база жасауға;

шамамен 2 200 жұмыс орнын ашуға;

салықтың нақты түсімін арттыруға;

құрылыс материалдары өнеркәсібінің өнімдерін экспортқа шығару мүмкіндігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, құрылыс материалдары өнеркәсібінің базалық кәсіпорындарын құру аймақта аралас салаларда - энергетика, отын өнеркәсібі, сауда және көлік салаларында тиімділік береді.

7. Қазақстанның Батыс аймағында құрылыс материалдары, бұйымдары мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Рет! N!	Іс-шара ! жауаптылар !	Аяқталу нисаны ! мерзімі	Орындалуына	Орындалу
1	2	3	4	5

Нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық қамтамасыз ету

1 Аймақта шығарылатын құрылыс материалдарына арналған нормативтік-техникалық құжаттар мен стандарттарды талаптар деңгейінде әзірлеу Қазақстан Респу. Экономика және сауда министр. жылдар ббликасы Эконом. сауда министр. лигі және сауда лигі министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі коми. тетінің бұйрығы

Жанадан құрылатын және дамушы өндірістерге мемлекеттік қолдау мен техникалық көмек көрсету

2 Құрылыс тауарларының көрмесін өткізу Батыс аймақтағы көрме Экономика және сауда министр. ішінде л і г і

3 Жеңілдікті несие беру немесе стратегиялық аса маңызды жобаларды беру Үкіметке ұсыныс сауда ішінде министрлігі кеттік инвестициялар бағдарламасына қосу жолымен инвестициялық қолдау жөнінде ұсыныстар дайындау

— — — — —
Аймақ үшін басым және стратегиялық маңызды инвестициялық жобаларды
і р і к т е у

— — — — —
4 Ақтөбе облысында табак Мемлекеттік Ақтөбе облысы. 2003-2005
әйнек өндіру жөнінде инвестициялар ның әкімі, жылдар
зауыт салу бағдарламасына Экономика және
қосу сауда министр.
л і г і

— — — — —
5 Батыс Қазақстан облысында Батыс Қазақстан 2003-2005
ақ цемент өндіру жөнінде -----"----- облысының жылдар
(құрғақ әдіс бойынша) әкімі, Экономии.
цемент зауытын салу ка және сауда
министрлігі

— — — — —
6 Ақтөбе облысында әрлеу Объекті салуға Ақтөбе облысы. 2003-2004
материалдарын, бояулар тікелей инвести. ның әкімі, жылдар
мен пигменттер өндірісін цияларды тарту Экономика және
дамыту сауда
министрлігі

— — — — —
7 Ақтөбе облысында электрод Ақтөбе облысы. 2003 жыл
өндірісін ұйымдастыру -----"----- ның әкімі,
Экономика және
сауда министр.
л і г і

— — — — —
8 Атырау облысында полиэти. Атырау облысы. 2003 жыл
ленді құбыр өндіру -----"----- ның әкімі,
жөнінде зауыт салу Экономика
және сауда
министрлігі

9 Атырау облысында кальций. Объекті салуға Атырау облысы. 2003-2004
ленген сода өндіру тікелей инвести. ның әкімі, жылдар
цияларды тарту Экономика
және сауда
министрлігі

10 Атырау облысында құрғақ Атырау облысы. 2003 жыл
қоспалардың (тығыздағыш, -----"----- ның әкімі,
бітеме және жақпа Экономика
материалдардың) өндірісін және сауда
ұйымдастыру министрлігі

11 Батыс Қазақстан облысында Батыс Қазақстан 2003-2005
озық икемді технология -----"----- облысының жылдар
бойынша қаптағыш кірпіш пен әкімі, Экономика
блоктар өндірісін және сауда
ұйымдастыру министрлігі

12 Батыс Қазақстан облысында Батыс Қазақстан 2003-2005
эк өндірісін техникамен -----"----- облысының жылдар
қайта жарақтандыру әкімі, Экономика
және сауда
министрлігі

13 Маңғыстау облысында Маңғыстау 2003 жыл
линолеум және ламинат -----"----- облысының әкімі,
өндірісін ұйымдастыру Экономика және
сауда министрлігі

14 Маңғыстау облысында озық Маңғыстау 2003 жыл
икемді технология бойынша -----"----- облысының
қаптағыш кірпіш пен әкімі, Экономика
блоктар өндірісін және сауда

— — — — —
15 Маңғыстау облысында бор
өндірісін ұйымдастыру

Маңғыстау 2003 жыл
-----"----- облысының әкімі,
Экономика және
сауда министрлігі

— — — — —